


# LYNX

LYNX HK 11 (N-RU)

LYNX HK 24 (N-RU)

LYNX HK 28 (N-RU)



kk	Орнату мен қазмет көрсету нұсқаулығы .....	3
ru	Руководство по установке и техническому обслуживанию .....	40

# Орнату мен қазмет көрсету нұсқаулығы

## Мазмұны

<b>1 Қауіпсіздік</b> .....	<b>4</b>	<b>7 Пайдалануға енгізу</b> .....	<b>19</b>
1.1 Әрекетке байланысты ескертулер.....	4	7.1 Құрылғыны қосу.....	19
1.2 Мақсатына сай пайдалану .....	4	7.2 Ыстық су/толтыру мен қосымша суды тексеріп дайындаңыз.....	19
1.3 Қауіпсіздік техникасы жөніндегі жалпы нұсқаулар.....	4	7.3 Жетерлік болмаған су қысымының алдын алыңыз.....	20
1.4 Ауа-пайдаланған газ жабдығы үшін қауіпсіздік нұсқаулары.....	6	7.4 Жылыту жабдығының толтыру мен ауасын шығару.....	20
1.5 Жарлықтар (ережелер, заңдар, нормалар) .....	8	7.5 Жылы су айналасын толтырып ауасын шығару.....	21
1.6 ҚАУІПТІ! .....	8	7.6 Беретін жылыту жүйесінің температурасын орнату.....	21
1.7 ОПАСНО! .....	8	7.7 Ыстық су температурасын орнату.....	21
<b>2 Құжаттама жөніндегі нұсқаулар</b> .....	<b>9</b>	7.8 Газ параметрін тексеріп сәйкестендіру.....	21
2.1 Қолданыстағы құжаттамаға назар аударыңыз.....	9	7.9 Өнімді сұйық газге ауыстыру.....	23
2.2 Құжаттаманы сақтаңыз.....	9	7.10 Бітеулігін тексеру.....	23
2.3 Осы нұсқаулықты қолдану аясы .....	9	<b>8 Жүйеге сәйкестендіру</b> .....	<b>23</b>
<b>3 Өнімнің сипаттамасы</b> .....	<b>9</b>	8.1 Параметрлерді реттеу.....	24
3.1 Өнім атауы.....	9	8.2 Сорғыш қуатын реттеу.....	24
3.2 Өнім атауы.....	9	<b>9 Өнімді пайдаланушыға беру</b> .....	<b>24</b>
3.3 Құрылымы.....	9	<b>10 Ақауларды жою</b> .....	<b>24</b>
3.4 CE белгісі.....	10	10.1 Қателіктерді жою.....	24
3.5 Еуропалық экономикалық одақтың мүше- мемлекеттеріндегі тауар айналымы үшін бірыңғай белгісі.....	10	10.2 Қателік сақтағышын шақыру.....	24
3.6 Орау, тасымалдау және қоймаға қою ережелері .....	10	10.3 Жөндеу жұмысына дайындау .....	24
3.7 Қоймаға қою мерзімі .....	10	10.4 Жөндеуді аяқтау.....	26
3.8 Жұмыс істеу мерзімі.....	10	<b>11 Тексеру мен қызмет көрсету аралықтарын сақтау</b> .....	<b>26</b>
3.9 Өндірілген күні.....	10	11.1 Қосалқы бөлшектерді сатып алу.....	26
<b>4 Құру</b> .....	<b>10</b>	11.2 Тазалау жұмыстарын дайындау .....	26
4.1 Өнімді орамадан шығару.....	10	11.3 Тазалау жұмыстарын аяқтау.....	26
4.2 Жинақ құрамын тексеру.....	10	11.4 Бұйымды босату.....	26
4.3 Өлшемдер .....	11	11.5 Кеңейткіш ыдыстың кіреберісіндегі қысымын тексеру .....	27
4.4 Минималды аралықтар.....	11	11.6 Тексеру және қызмет көрсету жұмыстарын аяқтау.....	27
4.5 Жанатын құрамды бөлектерден қашықтық.....	11	<b>12 Пайдаланудан шығару</b> .....	<b>27</b>
4.6 Монтаждық шаблондарды пайдалану.....	11	12.1 Бұйымды уақытша пайдаланудан шығару.....	27
4.7 Бұйымды асу .....	11	12.2 Өнімді істен шығару.....	27
4.8 Алғы қаптама мен камера қақпағын орнату/шешу.....	12	<b>13 Сервистік қызмет</b> .....	<b>27</b>
<b>5 Орнату</b> .....	<b>13</b>	<b>14 Қайта өңдеу және утилизациялау</b> .....	<b>27</b>
5.1 Орнату алғышарттары.....	14	<b>ТіркемеAnhang</b> .....	<b>28</b>
5.2 Газ қосқышы мен жылыту кіріс/кері ағынын орнату .....	14	<b>A Маман деңгейі – шолу</b> .....	<b>28</b>
5.3 Суық пен жылы су қосқышын орнату.....	15	<b>B Тексеру мен қызмет көрсету жұмыстары –шолу</b> .....	<b>29</b>
5.4 Ауа-Пайдаланылған Газ-Орнату .....	15	<b>C Қателік кодтары – шолу</b> .....	<b>30</b>
5.5 Электр жүйесін орнату.....	17	<b>D Ақауларды жою</b> .....	<b>31</b>
5.6 Қосымша компоненттерді қосу.....	19	<b>E Байланыстыру схемасы</b> .....	<b>33</b>
<b>6 Қолдану</b> .....	<b>19</b>	<b>F Техникалық сипаттамалар</b> .....	<b>34</b>
6.1 Басқару концепциясы .....	19	<b>G Ауа-пайдаланылған газ шығару жүйесі</b> .....	<b>36</b>
6.2 Маман деңгейіне кіру.....	19	G.1 Ауа-пайдаланған газ жабдығының минималдық аралықтары .....	36
6.3 Маман деңгейінен шығу .....	19	G.2 Пайдаланылған газ құбырларының ұзындығы .....	37
		<b>Тараулар</b> .....	<b>38</b>



## 1 Қауіпсіздік

### 1.1 Әрекетке байланысты ескертулер

#### Пайдалануға тиісті ескертулердің сыныптамасы

Пайдалануға тиісті ескертулер төмендегідей ескерту белгілері және сигналдық сөздермен мүмкін қауіп ауырлығы бойынша сыныпталған:

#### Ескерту белгілері мен сигналдық сөздер



##### Қауіп!

Тікелей өмір қауіпі немесе ауыр адам жарақаттану қауіпі



##### Қауіп!

Электр тоғының соғу нәтижесінде адам өміріне қауіп тигізуі мүмкін



##### Ескерту!

Жеңіл жарақаттану қауіпі



##### Абай болыңыз!

Материалдық зиян немесе қорғаған орта қауіпі

### 1.2 Мақсатына сай пайдалану

Дұрыс емес пайдаланғанда немесе мақсатына сай пайдаланбағанда пайдаланушының немесе үшінші тұлғалардың өміріне мен денсаулығына қауіп төнуі, құрылғы немесе басқа мүлік зақымдалуы мүмкін.

Өнім жабық орталық жылыту жүйелерінде және жылы су дайындау үшін жылытқыш ретінде жұмыс істейді.

Бұл нұсқаулықта аталған өнімдер құрылғы құрылымына байланысты тек жинақтағы құжаттарда жазылған ауа-пайдаланған газ құбырының керек-жарақтарымен орнатылып жұмыс істеуі мүмкін.

Өнімді жылжымалы үйлер немесе тұрғын вагондары сияқты көлік құралдарында пайдалану дұрыс емес деп есептеледі. Тұрақты орнатылған және бекітілген (бекітілген орнатымдар деп аталады) жылжымалы бірліктер көлік құралдары деп есептелмейді.

Мақсатқа сай пайдалану мыналарды қамтиды:

- берілген өнімдерді, сонымен бірге жүйелің барлық басқа құрамдастарын пайдалану, орнату және оларға

техникалық қызмет көрсету туралы нұсқауларды орындаңыз

- өнімдер мен жүйе рұқсаты бойынша орнату мен құру
- нұсқауларда көрсетілген барлық қарауларды және техникалық қызмет көрсетуді орындау.

Тиісті ретте пайдалану IP коды бойынша орнатуды да құрайды.

Осы нұсқаулықтағыдан ерекшеленетін кез келген пайдалану немесе осында сипатталғанның шеңберінен шығатын пайдалану дұрыс емес деп есептеледі. Кез келген тікелей коммерциялық және өнеркәсіптік пайдалану дұрыс емес болып табылады.

#### Назар аударыңыз!

Кез келген дұрыс емес пайдалануға тыйым салынған.

### 1.3 Қауіпсіздік техникасы жөніндегі жалпы нұсқаулар

#### 1.3.1 Жетерлік болмаған білім арқылы қауіп

Төмендегі жұмыстар тек білімі жетерлік мамандар ғана орынауы қажет:

- Құру
- Шешу
- Орнату
- Пайдалануға ендіру
- Тексеру мен қызмет көрсету
- Жөндеу
- Пайдаланудан шығару
- ▶ Техниканың соңғы күйі бойынша әрекет жасаңыз.

#### Жарамдылығы: Ресей

#### НЕМЕСЕ Қазақстан

Маман Vaillant Group Россия өкілеті бар болуы тиіс.

#### 1.3.2 Өнімнің салмағы үлкен болғаны себебінен жарақаттану қауіпі

- ▶ Өнімді кемінде екі адаммен тасымалдаңыз.

#### 1.3.3 Газдың ағуы өмірге қауіп төндіреді

Ғимараттарда газ иісі пайда болса:

- ▶ Газ иісі сезілетін бөлмелерге кірмеңіз.





- ▶ Мүмкін болса есіктерді және терезелерді кеңінен ашыңыз және өтпелі желді қамтамасыз етіңіз.
- ▶ Ашық оттан (мысалы, оттыз, сіріңке) аулақ болыңыз.
- ▶ Шылым шекпеңіз.
- ▶ Ғимараттағы электр ажыратқыштарға, желілік айырларға, қоңырауларға, телефондарға және домофондарға тимеңіз.
- ▶ Жапқыш газ құрылғысын жабыңыз.
- ▶ Мүмкін болса, бұйымның газ шұрасын жабыңыз.
- ▶ Үй тұрғындарына айқайлап немесе тарсылмен ескертіңіз.
- ▶ Ғимараттан бірден шығыңыз және үшінші тұлғалардың кіруіне жол бермеңіз.
- ▶ Ғимараттың сыртында болғанда полицияға және өрт сөндіру қызметіне хабарлаңыз.
- ▶ Ғимараттан тыс телефон арқылы газ компаниясының апаттық қызметіне хабарлаңыз.

#### **1.3.4 Бұғатталған немесе ауа кіретін түтіндіктерден өмірге қауіп бар**

Қате орнату, зақымдалу, өзгерту, қолайлы емес орнату орны газдың ағуына және улануға әкелуі мүмкін.

Ғимараттарда шығарылған газдың иісі бар болса:

- ▶ Барлық бар есіктерді және терезелерді кең етіп ашыңыз және өтпелі желді қамтамасыз етіңіз.
- ▶ Құрылғыны өшіріңіз.
- ▶ Өнімде пайдаланған газ жолдарын және пайдаланған газ шығару жолдарын тексеріңіз.

#### **1.3.5 Шкаф пішініндегі қаптамалар арқылы денсаулыққа зиян келтіру қаупі**

Шкаф пішініндегі қаптама бөлме ауасына байланысты емес жұмыста қаупті оқиғаларға алып келуі мүмкін.

- ▶ Өнім жетерлік жану ауасымен жабдықталғанын қамтамасыз етіңіз.

#### **1.3.6 Жарылғыш және тұтанғыш заттар өмірге қауіп төндіреді**

- ▶ Өнімді жарылатын немесе жанғыш заттектер сақталатын қоймаларда сақтамаңыз (мысалы, бензин, қағаз, түстер).

#### **1.3.7 Жанатын ауаның жеткізілуі жетерлік болмауы себебінен улаун қаупі**

**Шарт:** Бөлме ауасына байланысты жұмыс

- ▶ Ұзақ уақыт өнім орнатылған бөлмеде үздіксіз және жетерлік ауа кірісі үшін желдету талаптарына сай ретте.

#### **1.3.8 Ток соғу қаупі бар**

Егер тоқ өткізетін құрамдастарына тисеңіз тоқ соғу арқылы денсаулыққа зиян келтіру қаупі пайда болады.

Өнімді пайдаланудан алдын:

- ▶ Немесе өнімді толық тоқтан ажыратыңып кернеусіз қылыңыз (ажыратқышта кемінде 3 мм контакт тесігі болуы керек, мысалы сақтандырғыш немесе қуат ажыратқышы).
- ▶ Қайта қосылудан қорғаңыз.
- ▶ Конденсаторлер тоқтан босағанша кемінде 3 минут күтіңіз.
- ▶ Тоқ жоқтығын тексеріңіз.

#### **1.3.9 Жер астында орнатуда тығыз еместіктер арқылы денсаулыққа зиян келтіру қаупі**

Сұйық газ жерде жиналып тұр. Егер өніс жермен бірдей деңгейде орнатылса, онда бітиулі емес жағдайда сұйық газ жиналуы мүмкін. Бұл жағдайда жарылу қаупі пайда болады.

- ▶ Сұйық газ өнімден және газ құбырынан шықпауын қамтамасыз етіңіз.

#### **1.3.10 Жоқ қауіпсіздік құрылғылары арқылы денсаулыққа зиян келтіру қаупі**

Осы құжат құрамындағы схемалар дұрыс орындау үшін керекті қауіпсіздік құрылғылардың барлығын көрсетпейді.

- ▶ Жабдықта керекті қауіпсіздік құрылғыларын орнатыңыз.





- ▶ Тиісті жергілікті мен халықарылық заңдарды, нормаларды және бағыттамааларды ескеріңіз.

### **1.3.11 Шығатын ыстық газдар арқылы улану мен күй қаупі**

- ▶ Өнімді тек толық орнатылған ауа-пайдаланған газ құбырында пайдаланыңыз.
- ▶ Өнімді – қысқа тексеру мақсаттарынан басқа – тек орнатылған және жабық алғы қаптамамен пайдаланыңыз.

### **1.3.12 Ыстық құрамды бөліктер арқылы күй мен жиду қаупі**

- ▶ Сол үшін сол құрамды бөліктерде тек суығанынан соң жұмыс істеңіз.

### **1.3.13 Ақым іздеу спрейлері және сұйықтықтары арқылы зақымдану қаупі**

Ағын іздеу спрейлері мен сұйықтықтары массалық тоқ сенсорының сүзгісін вентуриде қаптап осылай массалық тоқ сенсорын бұзады.

- ▶ Жөндеу жұмыстарын орындауда ешқандай ағуды айқындау спрейін Вентури сүзгісінің қаптамасына сеппеңіз.

### **1.3.14 Қырау арқылы материалдық зиян қаупі**

- ▶ Өнімді аяздық бөлмелерде орнатпаңыз.

### **1.3.15 Бөлмеде дұрыс емес жануға байланысты коррозиядан зақымдалу қаупі**

Аэрозольдар, еріткіштер, хлорды қамтитын жуғыш заттар, бояулар, желімдер, аммиак қосылымдары, шаң және т.с.с. өнімде және түтіндікте коррозияның пайда болуына әкелуі мүмкін.

- ▶ Берілетін жану ауасында ешқашан фтор, хлор, күкірт, шаң және т.с.с. болмайтынына көз жеткізіңіз.
- ▶ Орнату орнында ешбір химиялық заттар сақталмайтынына көз жеткізіңіз.
- ▶ Егер өнімді шаштараз, лактау немесе ағаш шеберханаларында, тазалау кәсіпорындарында т.б. орнатсаңыз, онда бөлек орнату бөлмесін таңдаңыз,

онда жанау ауасы техникалық ретте химиялық заттектерден бос болуы керек.

- ▶ Жанатын ауа алдын майлы жылыту қазандарымен жұмыс істеген немесе мұржада конденсат булардың тұндыруына алып келген басқа құрылғылармен жұмыс істеген мұржалар арқылы келмеуін қамтамасыз етіңіз.

### **1.3.16 Сәйкес емес аспап арқылы материалдық зиян қаупі**

- ▶ Тиісті аспапты пайдаланыңыз.

## **1.4 Ауа-пайдаланған газ жабдығы үшін қауіпсіздік нұсқаулары**

### **1.4.1 Жығатын газдар арқылы денсаулыққа зиян келтіру қаупі**

- ▶ Ғимарат ішіндегі ауа-пайдаланған газ құбырының барлық ашылатын тексеру мен өлшеу тесіктері іске қосуда және пайдалану кезінде жабық болуын қамтамасыз етіңіз.

Тығыз болмаған құбырлар пен зақымдалған тығыздауыштар арқылы пайдаланылған газ шығуы мүмкін. Минералды май негізіндегі майлар тығыздауыштарды зақымдауы мүмкін.

- ▶ пайдаланылған газ жабдығын орнату кезінде тек бір материалдан жасалған пайдаланылған газ құбырларын пайдаланыңыз.
- ▶ Зақымдалған құбырларды орнатпаңыз.
- ▶ Құбырларды орнатудан алдын қылауларын жойып жүін кесіңіз да жоңқаларды алып қойыңыз.
- ▶ Орнатуда минералды май негізіндегі майларды ешқашан пайдаланбаңыз.
- ▶ Орнатуды оңтайландыру үшін тек су, стандартты майлау сабынының немесе, керек болса, жинақтағы майлау затын пайдаланыңыз.

Ерітінді қалдықтары, жоңқа т.б. пайдаланылған газ сыртқа шығуына кедергі болып пайдаланылған газ ғимарат ішіне шығып кетуі мүмкін.

- ▶ Орнатудан соң ерітінді қалдықтарын, жоңқа т.б. ауа/пайдаланылған газ құбырынан алып тастаңыз.





#### 1.4.2 Вакуум себебінен шығатын пайдаланған газдар арқылы денсаулыққа зиян келтіру қаупі

Бөлме ауасына байланысты жұмыста ауасы желдеткіштермен сорылып вакуум пайда болатын орнату жайын таңдау мүмкін емес (желдеткіш жабдықтар, иіс сорғыш қалпақтар, пайдаланған ауа-кір құрғатқыш). Вакуум арқылы пайдаланған газ ауыздан пайдаланған газ құбыры мен шахта арасындағы сақиналық саңылаудан орнату жайына сорылуы мүмкін.

- ▶ Егер өнімді бөлме ауасына байланысты ретте пайдалансаңыз, онда орнатылатын жайда басқа жабдықтар/құрылғылар арқылы вакуум жасалмауын қамтамасыз етіңіз.

#### 1.4.3 Мұз жасалуы арқылы жарақаттану қаупі

Шатырдан өтетін ауа-пайдаланған құбырында пайдаланған газ құрамында бар су буы мұз ретінде шатырға немесе шатыр құрылыстарына түсуі мүмкін.

- ▶ Мұздар шатырдан сырғанап түспеуін қамтамасыз етіңіз.

#### 1.4.4 Нажағай түсуі арқылы өрт қаупі мен электроникаға зиян қаупі

- ▶ Егер ғимарат нажағайдан қорғау жабдығымен жабдықталған болса, онда ауа-пайдаланған газ құбырын нажағайдан қорғау жүйесіне қосыңыз.
- ▶ Егер пайдаланған газ құбырында (ауа-пайдаланған газ құбырының ғимарат сыртында тұрған бөліктері) метал заттектер болса, онда пайдаланған газ құбырын потенциалдарды теңестіруге қосыңыз.


#### 1.4.5 Булар тұнған мұржаларда тот басу қаупі

Алдын май мен қатты жанармаймен қыздырылған жылытқыштардан пайдаланған газды шығарған мұржалар жанатын ауаны алып жеткізуге жарамды емес. Мұржадағы химиялық тұнбалар жанатын ауаны жүктеп өнімде тот басуға алып келуі мүмкін.

- ▶ Жанатын ауа кірісі тот басатын заттектерден бос болуын қамтамасыз етіңіз.

#### 1.4.6 Тексеру иінін орнату күйі дұрыс болмағанынан ылғалдық зияндары


**Шарт:** Диаметр: 80/80 мм; 80/125 мм



Дұрыс емес орнату күйі тексеру қапқағында конденсат шығуына алып келіп тот басу зияндарына алып келуі мүмкін.

- ▶ Тексеру иінін сурет бойынша құрыңыз.

#### 1.4.7 Көршілес арна ауа шығарғышы ақылы материалдық зиян қаупі



Каналдық вентиляторден өте ылғал ауа шығады. Ол ауа құбырына жиылып өнім зақымдануына алып келуі мүмкін.

- ▶ Минималды аралық деректерін сурет бойынша сақтаңыз.

#### 1.4.8 Сорылған пайдаланылған газ немесе лас бөлшектері арқылы материалдық зиян қаупі

Егер ауа-пайдаланылған газ жабдығы мұржаға жақын тұрса, онда пайдаланған газдар немесе лас бөлшектері сорылуы мүмкін. Сорылған пайдаланылған газдар немесе лас бөлшектері өнімді зақымдауы мүмкін.





Егер көршілес мұржа пайдаланылған газды жоғары температурада тасымалдаса немесе күйе пайда болса, онда ауа-пайдаланан газ жабдығы ыстықтық жасалуы арқылы зақымдануы мүмкін.

- ▶ Ауа-пайдаланған газ жабдығын қорғау үшін сайкес шараларды қолданып мұржаны көтеріңіз.

### 1.5 Жарлықтар (ережелер, заңдар, нормалар)

- ▶ Ұлттық жарлықтарды, нормаларды, директиваларды, стандарттарды, бұйрықтарды және заңдарды ескеріңіз.

### 1.6 ҚАУІПТІ!

#### Жарамдылығы: Қазақстан

- ▶ Газдың иісі!
- ▶ Дұрыс жұмыс істемеуінен жарылыс және өрт қаупі!
- ▶ Тұншықтырғыш газбен улану қаупі!
- ▶ Термикалық күйік алу қаупі!
- ▶ Қраннан шығатын судың температурасы жоғары болуы мүмкін!
- ▶ Электр тогының соғу қаупі!
- ▶ Электр желісіне қосылатын жабдықтар үшін!
- ▶ Монтаж алдында монтаждау бойынша нұсқауды оқу қажет!
- ▶ Пайдалану алдында пайдалану бойынша нұсқауды оқу қажет!
- ▶ Кұрылысы тек қана желдету талаптарына сәйкес ій-жайларда қондыру қажет!
- ▶ Пайдалану бойынша нұсқауда көрсетілген техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқаманы сақтау қажет!

### 1.7 ОПАСНО!

#### Жарамдылығы: Ресей

- ▶ Запаха газа!
- ▶ Опасность взрыва и пожара из-за неправильной работы!
- ▶ Опасность отравления угарным газом!
- ▶ Опасность получения термического ожога!
- ▶ Выходящая из крана вода может иметь высокую температуру!

- ▶ Опасность поражения электрическим током!
- ▶ Для оборудования подключаемого к электрической сети!
- ▶ Перед монтажом прочесть инструкцию по монтажу!
- ▶ Перед вводом в эксплуатацию прочесть инструкцию по эксплуатации!
- ▶ Устройство устанавливать только в помещениях, соответствующих требованиям к вентиляции!
- ▶ Соблюдать указания по техническому обслуживанию, приведенные в инструкции по эксплуатации!





## 2 Құжаттама жөніндегі нұсқаулар

### 2.1 Қолданыстағы құжаттамаға назар аударыңыз

- ▶ Жүйенің құрамдастарымен бірге берілетін бүкіл пайдалану мен орнату туралы нұсқауларды орындаңыз.

### 2.2 Құжаттаманы сақтаңыз

- ▶ Осы нұсқаулық пен барлық жарамды құжаттарды жыбдық пайдаланушысына беру қажет.

### 2.3 Осы нұсқаулықты қолдану аясы

Бұл нұсқаулық тек төмендегілер үшін жарамды:

#### Бұйым - артикул нөмірі

Жарамдылығы: Қазақстан

НЕМЕСЕ Ресей

LYNX НК 11 (N-RU)	0010016518
LYNX НК 24 (N-RU)	0010015239
LYNX НК 28 (N-RU)	0010015363

## 3 Өнімнің сипаттамасы

### 3.1 Өнім атауы

Жарамдылығы: Ресей

Өнім бұл Котел газовый отопительный (жылыту газ қазандығы).


### 3.2 Өнім атауы

Жарамдылығы: Қазақстан

Өнім бұл Котле газлы отопительный (жылыту газ қазандығы).


## 3.3 Құрылымы

### 3.3.1 Өнім құрылымы



- |                         |                              |
|-------------------------|------------------------------|
| 1 Желдеткіш             | 7 Иондау электроды           |
| 2 Қызып кету термостаты | 8 Тұтату электроды           |
| 3 Жану камерасы         | 9 Жанарғы                    |
| 4 Саптама ұстағыш       | 10 Бірінші жылу алмастырғышы |
| 5 Гидравлика блогы      | 11 Кеңейту ыдысы             |
| 6 Таратқыш қорап        | 12 Ауа қысымының датчигі     |

### 3.3.2 Гидравлика блогы құрылымы



- |                                  |                                |
|----------------------------------|--------------------------------|
| 1 Екінші реттік жылу алмастырғыш | 6 Манометр                     |
| 2 Жылдам ауа шығарғыш            | 7 Иммерсия сенсоры             |
| 3 Жылыту сорғышы                 | 8 Басымдықты ауыстырғыш клапан |
| 4 Ыстық су шығынын өлшегіш       | 9 Сақтандырғыш клапан          |
| 5 Газ арматурасы                 | 10 Қысым сенсоры               |

### 3.4 CE белгісі



CE белгісінің көмегімен өнімдер сәйкестік декларациясына сай тиісті директивалардың негізгі талаптарына сай екені құжат бойынша расталады.

Сәйкестік декларациясымен өндірушіде хабарласуға болады.

### 3.5 Еуропалық экономикалық одақтың мүше-мемлекеттеріндегі тауар айналымы үшін бірыңғай белгісі

Жарамдылығы: Қазақстан  
НЕМЕСЕ Ресей



Өнімнің Еуропа экономикалық одақ мүше-мемлекеттеріндегі тауар айналымы үшін бірыңғай белгісімен белгіленуі өнім Еуропа экономикалық одақтың барлық техникалық жарлықтарына және оның ішіндегі мемлекеттердің барлық жарлықтарына сай екенін білдіреді.

### 3.6 Орау, тасымалдау және қоймаға қою ережелері

Жарамдылығы: Қазақстан  
НЕМЕСЕ Ресей

Өнімдер өндіруші орамында жеткізіледі.

Өнім жолмен, сумен және темір жолмен сол тасымалдау құралына тиісті тауар тасымалдау ережелерін сай ретте тасымалданады. Тасымалдау кезінде өнімдерді горизонталды мен вертикалды аударуларға қарсы бекем бекіту керек.

Орнатылмаған өнімдер өндіруші орамында сақталады. Өнімдерді табиғи ауа айналымы бар стандартты шарттарда сақталуы керек (агрессивті емес шаңсыз қоршау, температура өзгерістері -10 °C бастап +37 °C дейін, ауаның ылғалдығы 80% дейін, селкілдеу және дірілдеулерсіз).

### 3.7 Қоймаға қою мерзімі

Жарамдылығы: Қазақстан  
НЕМЕСЕ Ресей

– Қоймаға қою мерзімі: Өндірілген күннен бастап 2 жыл

### 3.8 Жұмыс істеу мерзімі

Жарамдылығы: Қазақстан  
НЕМЕСЕ Ресей

Тасымалдау, қоймаға қою, орнату және пайдалану жарлықтарын орындаған жағдайда өнімнің күтілген жұмыс істеу мерзімі 10 жылдан бастап болады.

### 3.9 Өндірілген күні

Жарамдылығы: Қазақстан  
НЕМЕСЕ Ресей

Өндірілген күні (апта, жыл) зауыттық тақтайшада сериялық нөмірінде жазылған:

- Сериялық нөмірдің үшінші мен төртінші белгілері өндірілген жылды білдіреді (екі белгілік).
- Сериялық нөмірдің бесінші мен алтыншы белгілері өндірілген аптаны білдіреді (01 бастап 52 дейін).

## 4 Құру

### 4.1 Өнімді орамадан шығару


1. Өнімді картон орамасынан шығарыңыз.
2. Өнімнің барлық бөлшектерінен қорғау пленкаларын алып қойыңыз.

### 4.2 Жинақ құрамын тексеру

► Жинақ құрамын бүтін болуын тексеріңіз.


Саны	Атауы
1	Жылытқыш
1	Құрылғының тіреуіші
1	Орнату шаблондары
1	Майда материалдық сөмке: <ul style="list-style-type: none"><li>– 2 бұранда</li><li>– 2 дюбель</li><li>– 6 тығыздауыш</li></ul>
1	Кепілдік картасы
1	Қосымша құжаттар

### 4.3 Өлшемдер



- |   |                              |   |                                    |
|---|------------------------------|---|------------------------------------|
| 1 | Жылыту шығыны (Ø 22 мм)      | 4 | Суық судың қосылуы (Ø 15 мм)       |
| 2 | Ыстық су байланысы (Ø 15 мм) | 5 | Толтыру қондырғысы                 |
| 3 | Газ байланысы (Ø 22 мм)      | 6 | Жылытуды қайтару (Ø 22 мм)         |
|   |                              | 7 | Пайдаланған газ құбырындағы қосқыш |

### 4.4 Минималды аралықтар



Минималды аралық	
A	200 мм
B	200 мм
C	300 мм


### 4.5 Жанатын құрамды бөлектерден қашықтық

Өнімнің, шығатын құбырдың және шығатын жүйенің жанғыш компоненттерден жасалған бөлшектерге дейінгі арақашықтық отқа төзімді материалмен оқшаулануы керек.

### 4.6 Монтаждық шаблондарды пайдалану

- Тесік бұрғылау және бұзуды орындау жайларун анықтау үшін сонтаждық шаблондарды пайдаланыңыз.

### 4.7 Бұйымды асу




1. Қабырғаның жүк көтергіштігін тексеріңіз.
2. Өнімнің жалпы салмағын ескеріңіз.

3. Тек қана қабырға үшін рұқсат етілген бекіткіш материалды пайдаланыңыз.
4. Жұмыс істеу жайында жүк көтерімділігі жетерлік болған асу құрылғысы тұруын қамтамасыз етіңіз.
5. Өнімді сипатталғандай асыңыз.


#### 4.8 Алғы қаптама мен камера қақпағын орнату/шешу

##### 4.8.1 Алғы қаптаманы шешу




- Алғы қаптаманы суретте көрсетілгендей шешіңіз.

##### 4.8.1.1 Камера қақпағын шешіңіз




- Алдыңғы камераның қақпағын суретте көрсетілгендей бөлшектеңіз.

##### 4.8.1.2 Жану камерасы қақпағын шешіңіз




- Жану камерасы қақпағын суретте көрсетілгендей шешіңіз.

#### 4.8.1.3 Жану камерасы қақпағын орнату




- ▶ Жану камерасы қақпағын суретте көрсетілгендей орнатыңыз.

#### 4.8.1.4 Камера қақпағын орнатыңыз



- ▶ Алдыңғы камераның қақпағын суретте көрсетілгендей орнатыңыз.

#### 4.8.2 Алдыңғы қаптаманы орнату



- ▶ Суретте көрсетілгендей алдыңғы қаптаманы орнатыңыз.

## 5 Орнату



### Қауіп!

Тиісті болмаған орнату себебінен жарылу мен жиду қаупі!

Қосылатын құбырлардағы механикалық кернеулер ағып кетуіне әкелуі мүмкін.

- ▶ Қосу құбырлары кернеусіз орнатылуына көз жеткізіңіз.



### Абай болыңыз!

Ластанған құбырлар арқылы материалдық зиян қаупі!

Дәнекерлеу қалдықтары, тығыздауыш қалдықтары немесе су құбырларындағы бөгде денелер өнімді зақымдануына алып келуі мүмкін.

- ▶ Жылыту жабдығын орнатудан алдын мұқият шайыңыз.



### Абай болыңыз!

#### Газ тығыздығын тексеру арқылы материалдық зиян қаупі!

Газ тығыздығын тексеруде тексеру қысымы >11 кПа (110 мбар) болса газдық арматураның зақымдалуына алып келуі мүмкін.

- ▶ Егер газ тығыздығын тексеруде газ құбырлары мен газдық арматураны да қысым астына салсаңыз 11 кПа (110 мбар) болған максималды тексеру қысымын пайдаланыңыз.
- ▶ Егер тексеру қысымын 11 кПа (110 мбар) шектеп болмаса, газ тығыздығын тексеруден алдын өнім алдында орнатылған газ шүмегін жабыңыз.
- ▶ Егер газ тығыздығын тексеруде өнім алдында орнатылған газ шүмегін жапқан болсаңыз, онда газ шүмегін ашудан алдын газ құбырындағы қысымды төмендетіңіз.



### Абай болыңыз!

#### Тот басу арқылы зақымдану қаупі!

Диффузияға қарсылығы жоқ пластик құбырлар жылыту жабдығында жылыту суына ауа кіруіне және жылытқыш айналаның және жылыту аспабы тот басуына алып келеді.

- ▶ Диффузияға қарсылығы жоқ пластик құбырларды жылыту жабдығында пайдалану кезінде жүйені ажыратыңыз, ол үшін сыртқы жылы алмастырғышты жылыту құрылғысы мен жылыту жабдығының арасына салыңыз.



### Абай болыңыз!

#### Дәнекерлеу кезінде жылу өтуі арқылы материалдық зиян қаупі!

- ▶ Қосу бөлшектерін тек олар қызмет көрсету шүмектерінде біріктірілмеген жағдайда ғана дәнекерлеңіз.

## 5.1 Орнату алғышарттары

### 5.1.1 Сұйық газ пайдалану туралы маңызды нұсқаулар

Өнім жеткізілген күйде зауыттық тақтайшада белгіленген газ тобымен жұмыс істеуге реттелген. Егер сізде сұйық газ өнімі болса оны пропанбен жұмыс істеуге ауыстыруыңыз қажет. Ол үшін сізге конверсиялық жинақ қажет.

### 5.1.1.1 Сұйық газ баллонынан ауа шығару

Сұйық газ баллонының ауасы дұрыс шығарылмаған болса оталу ақаулықтары пайда болуы мүмкін.

- ▶ Өнімді орнатудан алдын сұйық газ баллонынан ауа шығарылғанына көз жеткізіңіз.
- ▶ Керек болса, толтырушы немесе сұйық газ жеткізушісіне хабарласыңыз.

### 5.1.1.2 Дұрыс газ түрін пайдаланыңыз

Қате газ түрі өнімді ақаулы өшулеріне себеп болуы мүмкін. Өнімде оталу мен жану шулары пайда болуы мүмкін.

- ▶ Тек зауыттық тақтайшада белгіленген газ түрін пайдаланыңыз.


### 5.1.2 Орнату үшін негізгі жұмыстар

- ▶ Газ құбырында жабу шүмегін орнатыңыз.
- ▶ Орнатылған кеңейту ыдысының көлемі жылыту жүйесіне жетерлік болуын тексеріңіз.
- ▶ Егер орнатылған кеңейту ыдысының көлемі жетерлік болмаса, онда қосымша кеңейту ыдысын жылыту кері ағымында өнімге жақын орнатыңыз.
- ▶ Орнатар алдында барлық берілетін ағындарды мұқият жуыңыз.
- ▶ Жылы су қауіпсіздігі тобын орнатып суық су жабу шүмегін орнатыңыз.
- ▶ Егер сыртқы кеңейту ыдысын орнатсаңыз өнімді ағызу жерінде (жылыту кіріс ағымы) кері клапанды орнатыңыз немесе ішкі кеңейту ыдысын істен шығарыңыз.

### 5.1.2.1 Газ есептегішін тексеру


- ▶ Бар газ есептегіші талап етілетін газ өтуіне сай болуын қамтамасыз етіңіз.

## 5.2 Газ қосқышы мен жылыту кіріс/кері ағынын орнату



1. Газ құбыры мен газ қосқышын (2) кернеусіз орнатыңыз.
2. Газ құбырын іске қосудан алдын ауасын шығарыңыз.
3. Жылыту кіріс ағыны (1) мен жылыту кері ағынын (3) нормаларға сай орнатыңыз.
4. Бүтін газ құбырын бітеулігін тексеріңіз.

### 5.3 Суық пен жылы су қосқышын орнату



- Суық су қосылымы (2) мен жылы су қосылымын (1) нормаларға сай орнатыңыз.

### 5.4 Ауа-Пайдаланылған Газ-Орнату




**Қауіп!**

**Шығатын пайдаланған газдар арқылы улану қауіпі!**

Минералды май негізіндегі майлар тығыздауыштарды зақымдауы мүмкін.


- Керек болса орнатуды оңтайландыру үшін май орнына тек суды немесе стандартты сұйық сабынды пайдаланыңыз.

#### 5.4.1 Ауа-пайдаланылған газ құбырының қосу аспабын орнату



1. Қосқышты өнімге қойыңыз.
2. Қосқышты қатайтыңыз.

### 5.4.2 Ауа-пайдаланылған газ құбырын орнату



1. Конденсат өнімге қайтып келе алмайтындай етіп, ауа / түтін газы арнасының иілісі мен соңғы бөлігі арасында ең аз сыртқы градиенттің болуына көз жеткізіңіз.
  - Көлбеу сыртқа: 2 %
2. Пайдаланған газ шығару құбырын ауа-пайдаланған газ құбырының жинағында тұрған орнату нұсқаулығы көмегімен орнатыңыз.

#### 5.4.3 Ауа-пайдаланылған газ шығару жүйесі

##### 5.4.3.1 Ауа-пайдаланған газ жабдығы минималдық аралықтарын сақтаңыз


- Ауа-пайдаланған газ жабдығы минималдық аралықтарын сақтаңыз. (→ Бет 36)

##### 5.4.3.2 Ауа-пайдаланылған газ құбырының максималды ұзындығын қадағалау

- Пайдаланылған газ құбырының максималды ұзындығын қадағалаңыз.

##### 5.4.3.3 Горизонталды/вертикалды ауа-пайдаланған газ жабдығы

Жарамдылығы: B22 түріндегі Ауа-/Пайдаланған газ құбыры



Конфигурацияда бөлмедегі ауаға тәуелді жылытқыш / үйлесімді қондырғыға арналған түтін шкафын орнату үшін пайдаланылған білікті пайдалануға болады.

Конфигурацияда ауаны беруге арналған заңды шарттарды орындау қажет.


Қосымша ауа горизонталды ауа/пайдаланған газ қондырмасы иіні жоғарысынан құрылғы орнатылған бөлмеден шығарылады.

Горизонталды құбыр (**L1**) ұзындығында қарапайым құбыр (Ø 80/80 мм) орнатылған. Иін арқылы пайда болатын қысым жоғалуы мәнде есептелген болуы керек. Әр қосымша талап етілетін 90° иін (немесе 2 иін 45°-тен) үшін ұзындықты (**L1**) (Ø 80/80 мм болғанда) 1 м-ге қысқарту керек болады.

Камин ұзындығы (**L2**) ескеріліп жұмыс істеуі ыспатталуы керек.

#### 5.4.3.4 Горизонталды/вертикалды ауа-пайдаланған газ жабдығы

**Жарамдылығы:** B22P түріндегі Ауа-/Пайдаланған газ құбыры



Конфигурацияда пайдаланған газ немесе желдету шахтасын бөлме ауасына байланысты қыздыру құрылғысы/комби құрылғысына тарту аспабын орнату үшін пайдалану мүмкін.

Конфигурацияда ауаны беруге арналған заңды шарттарды орындау қажет.


Қосымша ауа горизонталды ауа/пайдаланған газ қондырмасы иіні жоғарысынан құрылғы орнатылған бөлмеден шығарылады.

Горизонталды құбыр (**L1**) ұзындығында қарапайым құбыр (Ø 80/80 мм) орнатылған. Иін арқылы пайда болатын қысым жоғалуы мәнде есептелген болуы керек. Әр қосымша талап етілетін 90° иін (немесе 2 иін 45°-тен) үшін ұзындықты (**L1**) (Ø 80/80 мм болғанда) 1 м-ге қысқарту керек болады.

Вертикалды құбыр (**L2**) ұзындығында Ø 80 мм қатты пайдаланған газ құбыры орнатылған.

#### 5.4.3.5 Горизонталды ауа-пайдаланған газ жабдығы


**Жарамдылығы:** C12 түріндегі Ауа-/Пайдаланған газ құбыры



Әр қосымша талап етілетін 90°-иін (немесе 2 иін 45°-тан) үшін ұзындықты (**L**) Ø 60/100 мм болғанда 1 м-ге немесе 80/125 мм болғанда 1 м-ге қысқарту керек.

#### 5.4.3.6 Вертикалды ауа-пайдаланған газ жабдығы

**Жарамдылығы:** C32 түріндегі Ауа-/Пайдаланған газ құбыры




Әр қосымша талап етілетін 90°-иін (немесе 2 иін 45°-тан) үшін ұзындықты (**L**) Ø 60/100 мм болғанда 1 м-ге немесе 80/125 мм болғанда 1 м-ге қысқарту керек.



### 5.4.3.7 Ауа-пайдаланған газ жабдығы жинақтама құбыр үшін

Жарамдылығы: C42 түріндегі Ауа-/Пайдаланған газ құбыры



Мұржадағы құрылғыдан құбырға байланыс өнім өндірушісі жасаған арнайы керек-жарақтар арқылы жасалады.


C42 түріндегі жабдықпен біріктірілген қыздыру/комби құрылғысын тек табиғи тартылысы бар мұржаларға байланыстыру мүмкін.

Жинақтама құбыр жүйесінен конденсат қыздыру/комби құрылғысына ағуы мүмкін емес.

Әр қосымша талап етілетін  $90^\circ$  иін (немесе 2 иін  $45^\circ$ -тен) үшін ұзындықты ( $L$ )  $\varnothing 80/80$  мм болғанда 1 м-ге қысқарту керек болады.

### 5.4.3.8 Бөлек құбыралр үшін ауа-пайдаланған газ жабдығы

Жарамдылығы: C52 түріндегі Ауа-/Пайдаланған газ құбыры




Қабырғадан өтетін және температурасы бөлме температурасынан  $60^\circ\text{C}$  жоғары болатын кез келген құбырда өтетін бөлігінде жылы оқшаулауы болуы керек. Бұны сәйкес қалыңдығы  $\geq 10$  мм жылу өткізгіш қабилеті  $\lambda \leq 0,04$  Вт/мК оқшаулау материалымен орындау мүмкін (мысалы, шыны мақта). Таза ауа кірісі мен пайдаланған

шығысы үшін қондырмаларды ғимараттың қарама-қарсы қабырғаларында орнату мүмкін емес.

Әр қосымша талап етілетін  $90^\circ$  иін (немесе 2 иін  $45^\circ$ -тен) үшін ұзындықты ( $L1+L2$ )  $\varnothing 80/80$  мм болғанда 2 м-ге қысқарту керек болады.

### 5.4.3.9 Бөлек құбырлар немесе жинақтама құбырлар үшін бөлек құбырларда ауа-пайдаланған газ жабдығы

Жарамдылығы: C82 түріндегі Ауа-/Пайдаланған газ құбыры



Жинақтама құбыр жүйесінен конденсат қыздыру/комби құрылғысына ағуы мүмкін емес.

Пайдаланған газды қосу табиғи тарту режиміндегі бөлек және жинақтама құбырдың тарамы арқылы орындалуы мүмкін. Құбырдың диаметрі қосылған құрылғылардың жалпы қуатына байланысты есептеу керек.

Әр қосымша талап етілетін  $90^\circ$  иін (немесе 2 иін  $45^\circ$ -тен) үшін ұзындықты ( $L1+L2$ )  $\varnothing 80/80$  мм болғанда 2 м-ге қысқарту керек болады.

## 5.5 Электр жүйесін орнату



**Қауіп!**

**Ток соғу қауіп бар!**


L мен N желі қосу қысқыштарында өнім өшік болса да үздіксіз тоқ болады.

- ▶ Тоқ жеткізілуін өшіріңіз.
- ▶ Тоқ жеткізілуін қайта қосылудан қорғаңыз.

## 5.5.1 Таратқыш қорапты ашу/жабу


### 5.5.1.1 Таратқыш қорапты ашу

1. Алғы қаптаманы шешіңіз. (→ Бет 12)



2. Таратқыш қорапты суретте көрсетілгендей етіп ашыңыз.

### 5.5.1.2 Таратқыш қорапты жабу



1. Таратқыш қорапты суретте көрсетілгендей жабыңыз.
2. Алдыңғы қаптаманы орнатыңыз. (→ Бет 13)

### 5.5.1.3 Сымдарды өткізіңіз




#### Абай болыңыз!

**Дұрыс орнатылмау салдарынан мүліктің бүліну қаупі бар!**

Дұрыс емес штекер қысқыштарында желілік кернеу электрониканы бұзуы мүмкін.

- ▶ Желіге қосу сымын тек ол үшін белгіленген қысқыштарға қысыңыз.


1. Керек болса, қосу сымдарын қысқартыңыз.



2. Иілмелі сымдар қаптамасын суретте көрсетілгендей алыңыз. Дегенмен кей талшықтардың оқшаулануына зақым келтіріп алмаңыз.
3. Сыртқы қаптаманың ашуында ішкі сымдардың оқшаулауы зақымдалмауына көз жеткізіңіз.
4. Ішкі талшықтардың оқшаулануын тек сенімді байланыс орнатуға жеткілікті деңгейде босатыңыз.
5. Бос сымдар арқылы қысқа тұйықталулардың алдын алу үшін оқшауланған сым ұштарына жалғастырғыш орнатыңыз.
6. Әр айырды қосу сымына бұрап бекітіңіз.
7. Барлық кабельдердің ашаның клеммасына мұқият бекітілгенін тексеріңіз.
8. Істікшені электронды тақтайшаның сәйкес келетін ұясына салыңыз.
9. Кабельді қысқыштармен электроника қорабында бекітіңіз.

### 5.5.2 Электрлік қоректендіруді қамтамасыз ету

1. Кернеудің дұрыс номиналды кернеуі бар екеніне көз жеткізіңіз.
  - Номиналды кернеу: 230 В
2. Өнімнің жерге тұйықталғандығына көз жеткізіңіз.



3. Өнімді тұрақты қосқышпен (1) және контакттік тесігі бар электр ажыратқышпен (2) қосыңыз (мысалы, сақтандырғыш немесе қуат өшіргіші).
  - Сақтандырғыш:  $\leq 2\text{ A}$
  - Желіге қосу сымы: иілмелі сым
4. Желі қосқышына жету әрдайым мүмкін болуын, жасырылмағанын және жабылмағанын қамтамасыз етіңіз.

### 5.6 Қосымша компоненттерді қосу




**Қауіп!**  
**Ток соғу қаупі бар!**

L мен N желі қосу қысқыштарында өнім өшік болса да үздіксіз тоқ болады.

- ▶ Тоқ жеткізілуін өшіріңіз.
- ▶ Тоқ жеткізілуін қайта қосылудан қорғаңыз.

#### 5.6.1 Белменің термостатын қосыңыз

1. Алғы қаптаманы шешіңіз. (→ Бет 12)
2. Таратқыш қорапты төменге қайырыңыз.



3. Белме термостатының кабельдерін тиісті терминалға қосыңыз.
4. Таратқыш қорапты жоғарыға қайырыңыз.
5. Алдыңғы қаптаманы орнатыңыз. (→ Бет 13)
6. **PP06** параметрін **1**-ге орнатыңыз. (→ Бет 24)

Маман деңгейі – шолу (→ Бет 28)

## 6 Қолдану

### 6.1 Басқару концепциясы

Пайдаланушы деңгейіндегі пайдалану концепциясы, бұйымды пайдалану және оқып-реттеу мүмкіндіктері пайдалану нұсқаулығында сипатталған.

Маман деңгейінің оқу мен реттеу мүмкіндіктеріне шолуды тіркемедегі "Маман деңгейі - шолу" кестеде табасыз.

Маман деңгейі – шолу (→ Бет 28)

### 6.2 Маман деңгейіне кіру



#### Нұсқау

Орнатушы деңгейінде сіз параметрлерді орнатуға және ақпарат параметрлерін немесе қателер тізімін көрсете аласыз.

1. айналмалы тұтқаны **макс**-ге бұраңыз.
2. Айналмалы тұтқаны пайдаланып өнімді үш рет өшіріп, қайта қосыңыз.
  - ◀ Дисплей \_\_ \_ көрсетеді.
3. Орнатқыш деңгейінің кодын айналмалы тұтқасы арқылы енгізіңіз.
  - Реттелетін параметрлер: 11
  - Инфопараметр: 16
  - Қателер тізімі: 26
4. **reset**-батырмасын басып растаңыз.

### 6.3 Маман деңгейінен шығу

1. Параметрлерді аяқтау үшін айналмалы тұтқасын бір рет жазғы режимге, содан кейін қайтадан қысқы режимге бұраңыз.
2. Параметрлер мәзірінен шығу үшін айналмалы тұтқаны қысқы режимнен жазғы режимге бір рет бұраңыз.
3. Қажетті жұмыс режимін орнатыңыз.

## 7 Пайдалануға енгізу

### 7.1 Құрылғыны қосу

- ▶ Айналмалы тұтқаны оңға бұраңыз.
  - ◀ Дисплейде негізгі көрсеткіш пайда болады.

### 7.2 Ыстық су/толтыру мен қосымша суды тексеріп дайындаңыз



#### Абай болыңыз!

**Төмен мәндік сытық су арқылы материалдық зиян қаупі**

- ▶ Ыстық су сапасы жетерлік болуын қамтамасыз етіңіз.

- ▶ Жабдықты толтыру немесе қосымша толтырудан алдын ыстық су сапасын тексеріңіз.

## Ыстық су сапасын тексеріңіз

- ▶ Ысыту айналымынан аз су алып қойыңыз.
- ▶ Ысыту суының көрінісін тексеріңіз.
- ▶ Агар шөгетін заттектерді байқасаңыз, онда жабдықты тазалау керек.
- ▶ Магниттік таяқпен магнетит (темір оксиді) барлығын тексеріңіз.
- ▶ Егер магнетитті байқасаңыз, онда жабдықты тазалап тот басудан сақтайтын керекті шараларды орындаңыз. Немесе магнитті сүзгіні орнатыңыз.
- ▶ Алынған судың рН-мәнін 25 °С температурасында тексеріңіз .
- ▶ 8,2 төмен немесе 10,0 жоғары мәндерде жабдықты тазалап ыстық суды дайындаңыз.
- ▶ Ыстық суға оттегі кірмейтінін қамтамасыз етіңіз.

## Толтыру мен қосымша құю суын тексеріңіз

- ▶ Жабдықты толтырудан алдын толтыру мен қосымша құю суының кереметігін тексеріңіз.

## Толтыру мен қосымша құю суын дайындаңыз

- ▶ Толтыру мен қосымша суды өңдеу үшін жарамды мемлекеттік жарлықтар мен техникалық ережелерді ескеріңіз.

Мемлекеттік жарлықтар мен техникалық ережелер жоғары талаптарды қоймаса төмендегі жүреді:

Жылыту суын дайындау керек,

- егер толтыру мен қосымша судың көлемі жабдықты пайдалану кезінде жылыту жабдығының атаулы көлемінің үш еселігінен артса, немесе
- егер төмендегі кестелерде аталған бағыттама мәндер сақталмаса немесе
- егер ыстық судың рН мәні 8,2 төмен немесе 10,0 жоғары жатса.

Жарамдылығы: Қазақстан

Жалпы жылыту қуаты	Арнайы жабдық көлеміндегі су кереметігі <sup>1)</sup>					
	≤ 20 л/кВт		> 20 л/кВт ≤ 50 л/кВт		> 50 л/кВт	
кВт	°ДН	моль/м³	°ДН	моль/м³	°ДН	моль/м³
< 50	< 16,8	< 3	11,2	2	0,11	0,02
50 мен 200 арасында	11,2	2	8,4	1,5	0,11	0,02
200 мен 600 арасында	8,4	1,5	0,11	0,02	0,11	0,02
> 600	0,11	0,02	0,11	0,02	0,11	0,02

1) литр атаулы құрамы/қыздыру қуаты; көп қазандық жабдықтарда ең кіші бөлек қыздыру қуаты орнатылуы керек.

Жарамдылығы: Ресей

Жалпы жылыту қуаты	Арнайы жабдық көлеміндегі су кереметігі <sup>1)</sup>					
	≤ 20 л/кВт		> 20 л/кВт ≤ 50 л/кВт		> 50 л/кВт	
кВт	°Ж	моль/м³	°Ж	моль/м³	°Ж	моль/м³
< 50	< 6	< 3	4	2	0,04	0,02

Жалпы жылыту қуаты	Арнайы жабдық көлеміндегі су кереметігі <sup>1)</sup>					
	≤ 20 л/кВт		> 20 л/кВт ≤ 50 л/кВт		> 50 л/кВт	
кВт	°Ж	моль/м³	°Ж	моль/м³	°Ж	моль/м³
50 мен 200 арасында	4	2	3	1,5	0,04	0,02
200 мен 600 арасында	3	1,5	0,04	0,02	0,04	0,02
> 600	0,04	0,02	0,04	0,02	0,04	0,02

1) литр атаулы құрамы/қыздыру қуаты; көп қазандық жабдықтарда ең кіші бөлек қыздыру қуаты орнатылуы керек.

Жарамдылығы: Қазақстан

НЕМЕСЕ Ресей



### Абай болыңыз!

**Жылыту суына сәйкес емес қосымша заттектерді қосу себебінен материалдық зиян қауіпі!**

Жарамайтын қосымша заттектер құрамдастардың өзгерулеріне, жылыту жұмысында шуларға және мүмкін басқа зияндарға алып келуі мүмкін.

- ▶ Ешқандай қатудан және тот басудан сақтау заттарын, биоцид және герметіктерді пайдаланбаңыз.

## 7.3 Жетерлік болмаған су қысымының алдын алыңыз

Жылыту жүйесінің дұрыс жұмыс істеуі үшін дисплейде 0,1 МПа мен 0,2 МПа (1,0 бар және 2,0 бар) арасындағы толтыру қысымын көрсету керек.


Егер жылыту жабдығы бірнеше қабатта болса, онда жылыту жабдығына ауа кіруінің алдын алу үшін толтыру қысымына жоғарырақ мәндер керек болады.

Егер құю қысымы 0,03 МПа (0,3 бар) мәнінен төмен түссе, өнім өшеді. Дисплей **F10** көрсетеді.

- ▶ Жылыту суын толтырып, бұйымды іске қосыңыз.

## 7.4 Жылыту жабдығының толтыру мен ауасын шығару

1. Өнімнің жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.
2. Жылыту жабдығын шайып тастаңыз.
3. Алғы қаптаманы шешіңіз. (→ Бет 12)
4. Таратқыш қорапты төменге қайырыңыз.




5. Жылдам ауа шығарғышының қақпағын ашыңыз (1).  
– Солға айналу: 1 ... 5
6. Толтыру құрылғысының клапанын ашыңыз, сонда қыздырғыш су жылыту жүйесіне түседі.
7. Барлық жылыту элементтері мен қызмет көрсету шүмектерін ашыңыз.
8. Ең жоғарғы радиатордан ауаны ауа шығаратын шұрадан көбіксіз су шыққанша шығара беріңіз.
9. Жылыту жүйесіне толық жылыту суы толғанша басқа барлық жылыту радиаторларының ауасын шығарыңыз.
10. Жылыту суын қажетті толтыру қысымына жеткенше толтыра беріңіз.
11. Толтыру жабдығының вентилін жабыңыз.
12. Жылдам ауа шығарғышының қақпағын бұрап қойыңыз.  
– Сағат тілімен бұрылады
13. Алдыңғы қаптаманы орнатыңыз. (→ Бет 13)
14. Барлық қосқыштар мен бүкіл жылыту жабдығының бітеулігін тексеріңіз.

### 7.5 Жылы су айналасын толтырып ауасын шығару

1. Өнімдегі суық суды жабу клапаны мен барлық жылы су төгу клапандарын ашыңыз.
2. Жылы су айналасын су шыққанша толтырыңыз.  
◁ Жылы су айналасы толтырылған және ауасы шығарылған.
3. Барлық қосқыштар мен бүтін жылы су айналасын бітеулігін тексеріңіз.

### 7.6 Беретін жылыту жүйесінің температурасын орнату

**Шарт:** Жылыту режимі (қысқы режим) қосылды

- ▶ Бұрама түйме көмегімен  керекті жылыту кіріс ағыны температурасын реттеңіз.  
◁ Белгіленген қыздыру ағынының температурасы дисплейде көрсетіледі.


### 7.7 Ыстық су температурасын орнату



**Қауіп!**  
**Легионелларлардан денсаулық үшін қауіп!**

Легионеллалар 60 °C төмен болған температурада көбееды.

- ▶ Пайдаланушы легионелалардан профилактика ету үшін жарамды заңдарды орындау үшін легионеллалардан қорғаныс бойынша барлық шараларды орындауына көз жеткізіңіз.

- ▶  айналмалы тұтқасын пайдаланып ыстық судың температурасын орнатыңыз.

**Шарт:** Су кермектігі: > 3,57 моль/м³

- Жылы су температурасы: ≤ 50 °C
- ◁ Белгіленген ыстық судың температурасы дисплейде көрсетіледі.

### 7.8 Газ параметрін тексеріп сәйкестендіру

#### 7.8.1 Зауыттық газ параметрлерін тексеру

Өнімдің жануы зауытта тексеріліп зауыттық тақтасына сай газ тобымен жұмыс істеуге алдын ала реттелген.

- ▶ Зауыттық тақтайшадағы газ түрі бойынша деректерді тексеріп, орнату жайындағы қолжетімді газ түрімен салыстырыңыз.

**Шарт:** Өнімнің құрылымы жергілікті газ тобына сәйкес емес

- ▶ Бұйымды іске қоспаңыз.


Егер газ сұйытылған газға ауыстырылса, дұрыс мөндерді техникалық мәліметтерден табуға болады.

**Шарт:** Өнімнің құрылымы жергілікті газ тобына сәйкес

- ▶ Төмендегіде сипатталғандай әрекет жасаңыз.

#### 7.8.2 Газ ағыны қысымын тексеру

1. Өнімді қысқа уақытқа істен шығарыңыз.
2. Газ кранын жабыңыз.
3. Алғы қаптаманы шешіңіз. (→ Бет 12)
4. Клапан қақпағын алып қойыңыз.



5. Газ арматурасында өлшеу қосқышының тығыздауыш бұрандасын бұрауышпен босатыңыз.
6. Манометрді өлшеу ниппеліне қосыңыз.
7. Бұйымды іске қосыңыз.
8. Газ кранын ашыңыз.
9. Газ ағыны қысымын атмосфералық қысымбен салыстырыңыз.

**Рұқсат етілген газ қосу қысымы/газ ағымының қысымы**

Қазақстан	Табиғи газ Н	1,3 ... 2,0 кПа (13,0 ... 20,0 мбар)
	Сұйық газ Р	2,5 ... 3,5 кПа (25,0 ... 35,0 мбар)
Ресей	Табиғи газ Н	1,3 ... 2,0 кПа (13,0 ... 20,0 мбар)
	Сұйық газ Р	2,5 ... 3,5 кПа (25,0 ... 35,0 мбар)

10. Өнімді қысқа уақытқа істен шығарыңыз.
11. Газ кранын жабыңыз.
12. Манометрді алып қойыңыз.
13. Өлшеу ниппелінің тығыздауыш бұрандасын бұрап бекітіңіз.
14. Газ кранын ашыңыз.
15. Өлшеу келте құбырының газ тығыздығын тексеріңіз.

**Шарт:** Газ ағыны қысымы рұқсат етілген аймақта емес



**Абай болыңыз!**

**Дұрыс емес газ қосу қысымы арқылы материалдық зиян бен жұмыс ақаулықтары қаупі!**


Егер газ қосу қысымы рұқсат етілген аймақтан тыс болса бұл жұмыс ақаулықтары мен өнім зақымдануына алып келуі мүмкін.

- ▶ Өнімде ешқандай реттеуді орындамаңыз.
- ▶ Өнімді іске қоспаңыз.

- ▶ Егер ақауды жою мүмкін болмаса, газбен жабдықтау кәсіпорнына хабарласыңыз.
- ▶ Газ кранын жабыңыз.

**7.8.3 Максимальды жылу жүктемесін тексеру**

1. Өнімді қысқа уақытқа істен шығарыңыз.
2. Газ кранын жабыңыз.



3. Өлшеу ниппелінің тығыздауыш бұрандасын босатыңыз.
4. Манометрді өлшеу ниппеліне қосыңыз.  
– Жұмыс материалы: Манометр
5. Бұйымды іске қосыңыз.
6. Газ кранын ашыңыз.
7. Манометрде мәнді тексеріңіз.  
Техникалық мәліметтер – газды реттеу жылу жүктемесінің мәндері (→ Бет 35)

**Нәтиже:**


Мән рұқсат етілген аймағынан тыс.

- ▶ Жез бұрандасын (1) қызыл сақина астына бұрап бір уақытта (3) шарын қызыл пластик бұрандасында (2) басып дұрыс мәнді реттеңіз.
- 8. Өнімді қысқа уақытқа істен шығарыңыз.

9. Газ кранын жабыңыз.
10. Өлшеу ниппелінің тығыздауыш бұрандасын бұрап бекітіңіз.
11. Газ кранын ашыңыз.
12. Өлшеу келте құбырының газ тығыздығын тексеріңіз.

#### 7.8.4 Минималды жылу жүктемесін тексеріңіз

1. Өнімді қысқа уақытқа істен шығарыңыз.
2. Газ кранын жабыңыз.



3. Өлшеу ниппелінің тығыздауыш бұрандасын босатыңыз.
4. Модуляция катушқасындағы кабельдерді алыңыз.
5. Манометрді өлшеу ниппеліне қосыңыз.  
– Жұмыс материалы: Манометр
6. Бұйымды іске қосыңыз.
7. Газ кранын ашыңыз.
8. Манометрде мәнді тексеріңіз.  
Техникалық мәліметтер – газды реттеу жылу жүктемесінің мәндері (→ Бет 35)

#### Нәтиже:

Мән рұқсат етілген аймағынан тыс.

- ▶ Қызыл пластик бұранданы (1) бұрап дұрыс мәнді реттеңіз.

9. Өнімді қысқа уақытқа істен шығарыңыз.
10. Газ кранын жабыңыз.
11. Өлшеу ниппелінің тығыздауыш бұрандасын бұрап бекітіңіз.
12. Модуляциялық шарғы кабелін бекітіңіз.
13. Клапан қақпағын бекітіңіз.
14. Газ кранын ашыңыз.
15. Өлшеу келте құбырының газ тығыздығын тексеріңіз.
16. Алдыңғы қаптаманы орнатыңыз. (→ Бет 13)
17. Бұйымды іске қосыңыз.

#### 7.9 Өнімді сұйық газге ауыстыру

1. Өнімді қысқа уақытқа істен шығарыңыз.
2. Газ кранын жабыңыз.
3. Алғы қаптаманы шешіңіз. (→ Бет 12)
4. Алдыңғы камераның қақпағын шешіңіз. (→ Бет 12)
5. Жану камерасы қақпағын шешіңіз. (→ Бет 12)
6. Саптама жинағын алыңыз. (→ Бет 25)
7. Тиісті газ түріне арналған саптама жинағын ауыстырыңыз.

Техникалық мәліметтер - жанарғы форсункалары (→ Бет 36)

Техникалық мәліметтер – газды реттеу жылу жүктемесінің мәндері (→ Бет 35)

8. Саптама жинағын орнатыңыз. (→ Бет 25)
9. Жану камерасы қақпағын орнату. (→ Бет 13)
10. Алдыңғы камераның қақпағын орнатыңыз. (→ Бет 13)
11. Бұйымды іске қосыңыз.
12. Сұйық газға арналған бағдарламалық жасақтамада сәйкес параметрді орнатыңыз. (→ Бет 24)  
Маман деңгейі – шолу (→ Бет 28)
13. Газ ағыны қысымын тексеріңіз. (→ Бет 21)
14. Максималды жылу жүктемесін тексеріңіз. (→ Бет 22)
15. Минималды жылу жүктемесін тексеріңіз. (→ Бет 23)
16. Таблицаның жанына LPG түрлендіруге арналған конверсиялық жинақтағы стикерді жапсырыңыз.

#### 7.10 Бітеулігін тексеру

Өнімді пайдаланушыға беруден алдын:

